



ойнасаң да, үлкен мен кіші бір бірінді сынай ойнасаң да әбден болады. Жүгіресің, секіресің, көздейсің, тигізесің, ерегесесің, жеңесің, жеңілесің, ұтасың, ұтылысың, асыққа бай боласың, жоқ боласың. Таза бәсеке, таза тәрбие. Өтірігі, арамдығы, жалғандығы жоқ. Болмайды да. Ұлттық тәрбие. Ұлттық ойын. Спорт ойыны, спорттық бәсеке. Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа-тәрбиелейді.

«Хан болып шық» ойыны, «Хан болып шық» ойыны

Асықпен ойнайтын ойынның бір түрі—«Хан» ойыны. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Ойынға қатынасушылар көнге қаншадан асық шығаратынын алдын ала келісіп алады. Көнге жиналған асықтарды бір жерге басып қосып біріктіреді. Сонан кейін көп асықтың ішінен бір белгілі асықты «хан» сайлайды. Екінші ойыншылар көнге жиналған (әр ойыншы не бес, не он асықтан қосуға тиіс) асықты иіретін ойын жүргізуші тағайындап алады. Ол жиналған асықты ортаға екі қолдап иіріп тастай береді. Барлық асықтарды иіріп болған кезде «хан» көп асықтың арасында көрінбей қалуы мүмкін, мұндай жағдайда ойнаушылардың барлығы асықты иірушінің «ханды қара басты» деген даусын естігеннен кейін бассалып асықтарды талап алады. Екінші жағдайда иірген асықтардың арасында «хан» ашық жатса, онда «ханмен» бүк жатқан асықты ату керек, ойын солай жалғаса береді. Ойынның шарты бойынша «Ханмен» асықты атқан кезде басқа асықтарды қозғауға болмайды. Сөйтіп, ойын шарты бұзылғанға дейін немесе барлық асық атылып болғанға дейін ойын жүре береді. Оқушыларға бұл ойын түрінің ережелерін тез меңгеріп кету қиынға соқты, кейінен ойын туралы жалпы түсінік қалыптасып ойынды меңгеріп кетті.

«Ұтыс» ойыны, оқушылар өзара келісіп үш-төрт асықтан шығарып асықты бәсекеге тігіп ойнайды, қай оқушы қарсыласының сақасына көп тигізсе сол оқушы жеңіске жетеді.

Республика күні қарсаңында асық ату және бес асықтан 5-7 сыныптар арасында жарыс өтті, жарыс қортындысы бойынша асық атудан Бақытқали Аман 7 а сынып оқушысы 1 орын, 7 а сынып оқушысы Биболатұлы Қолғанат 2 орын, 7 а сынып оқушысы Кенжебекұлы Арман 3- орын. Бес асықтан 1 орын 7а сынып оқушысы Жоламан А, 2 орын 7а сынып оқушысы Күнтуғанова Д, 3 орын 8 а сынып оқушысы Қажығалиева Ж.



Екінші тоқсанда оқушылар төмендегі асық ойыны түрлерімен танысып, үйренді.



Оқушылар ептілікке, мергендікке шыңдала түсті.

, «Алшы» түрі “Алшы ойынының,, ойнаушыларына шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші барлығының сақаларын жинап алып. Ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни, кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін, сақаларды иіреді. Иірген кезде кімнің сақасы алшы түссе сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады. Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез – келген жағына жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екі түрлі түссе онда алмайды. Ол атуды тоқтатып кезекті келесі ойыншыға береді . кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз сақасын иірген кезде тәйке түссе онда өзінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын алады, тигізсе, сақа иесі ойыннан шығып қалады тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады

Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.

Аталған істерді қорға келсек, ол өсіп келе жатқан ұрпақты жан – жақты дамыған отансүйгіш жандар тәрбиелеуге еселі үлесін қосатын ықпалды құрал.

«Тәйкі» түрі , «Ұтыс» ойыны,

«Омпы» ойыны. Асық ойынының бір түрін «Омпа» деп атайды. Бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада алаңда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты — асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпа» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпаны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпаға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпаға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Осы ойынды оқушылар тез меңгеріп , өздерінің ойынға деген қызығушылықтарын артыра түсті.

«Арқаласпақ» ойыны, бұл ойын оқушыларды күштілікке, адалдыққа, мергендікке тәрбиелейді. Арқаласпақ ойынын оқушылар қызыға ойнайды, тез игеріп кетті.





Асық ойыны мергендікке, ептілікке, дәлдікке баулыды. Қолдың моторикалық бұлшық еттерінің дамуына жақсы әсер етеді. Жүйке жүйесін тыныштандырып балалардың жақсы жетілуіне ықпалын тигізеді. Ұлттық салт дәстүрді оқушылардың бойына сіңіру.

Желтоқсан айының 14-15 күндері «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша Талдысай ЖОББМ-де «Асық ату мен бес асық» -тан мектепшілік жарыс өтті.


Ұлттық ойынының мақсаты:

- Оқушылардың ден-саулығын нығайту;
- Спортқа деген қызығушылығын ояту;
- Дені сау, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасы Ұлттық мектеп лигасы жобасы бойынша 5-6 сыныптар арасындағы мектепшілік турнирінде 6 а сыныбы жеңімбаз болды.

7-8 сыныптар арасында 7а сыныбы 1-орын, 8а сыныбы 2 орын, 8 б сыныбы 3 орын иеленді.

9-11 сыныптар арасындағы асық ату мен бес асықтан 11а сынып оқушылары 1- орын, 10а – сынып 2-орын, 9а сыныбы 3- орын алды.



Үшінші тоқсанда төмендегі жоспар бойынша жүргізілді: «Үш табан» ойыны, Ойынға екі немесе оданда көп ойыншы қатысады. 5-6 ойыншы ойнаған қызықтырақ. Әр ойыншыда көнге тігетін үш(асық санын қалауыңызша өзгерте аласыз, тым көп болмағаны жақсы 3-5 аралығы) асық және бір сақа болуы шарт.

Көнге әр ойыншы бір-бір асықтан тігеді. Ойыншылар кезектерін сақаларын күлдіру(басқа аймақтарда басқаша айтылуы мүмкін) арқылы анықталады. Біреуі уысына салған сақаларды шашып жібереді. Кімдікі алшысынан түссе сол бірінші, тәйкесінен тускен екінші кезекте. Егер сақалар олай түспесе қайта шашылады. Ойын реті анықталған соң ойыншылар көндегі асықтарды кезектесіп атады. Көндегі асықты үш табаннан асыра ұшырып жіберген адам ол асықты өзіне алады. Оқушылар ойын ережесін тез меңгеріп, мергендіктерін шыңдай түсті

«Тасқала ойыны», Асық ойынының ендігі бір түрі — «Тас қала» деп аталады. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды. Олар тегіс жерді таңдап алып шеңбер сызады да, дәл



ортасына асықтарды бірінің үстіне бірін пирамида етіп жияды. Сонан соң асық тігілген жерден ойынға қатынасушылардың жас ерекшелігіне орай көн белгіленеді. Оның қашықтығы 7—8 метрден кем болмайды. Ойынды бірінші болып бастайтын ойыншыны анықтау үшін сақаларын иіреді. Кімнің сақасы бұрын алшы түссе ойынды сол бастап, қалғандары да осы тәртіппен өз кезектерін алады. Алшы бірінші, тәйке екінші, бүге үшінші, шіге төртінші. Ату ара қашықығын біртіндеп арттыру арқылы оқушылардың қызығушылығын артырып мергендігі шыңдала түсті.



Наурыз мерекесі қарсаңында 7-11 сынып оқушылары арасында наурыз мерекесіне арналған асық ату ойынынан жарыс өтті. Жарыс жеңімпаздары 1- орын 11 сынып оқушысы Жолдасбаев Б, 2- орын 9а сынып оқушысы Ақылжан А, 3-орын 9 а сынып оқушысы Болат Әмірлан



«Бестабан ойыны» ережесі, жарыс ойыны болғандықтан оқушылар осыған көп көңіл бөліп ойынның ережесін ,ойнау әдістерін қайталап жақсы меңгерді.

«Бестабан ойыны» асық ату әдістері, «Бестабан ойыны» шеңберден ату, «Бес табан ойыны.» 3-5 метрлік белгіден ату,

«Бесасық ойыны» көбінесе қыздар арасында ойналады. Кейбір оқушылар әлдеде ойын кезінде қиындық көргенмен ,бірте- бірте ойынға төселіп келе жатыр. Ойын ережесі , «Бірлік». «Екілік», «Үштік»., «Төрттік»., «Жалақ» . оқушылар ұлттық ойынның ережелерімен танысып , үйренді. Бес асық ойынында оқушылар бірліктен бастап ойынды ойнап жаттықты . көбінесе төрттік оқушыларға қиындық туғызды, қазір жақсы нәтиже көрсетіп жүр.



«Алшы» түрі “Алшы ойынының,, ойнаушыларына шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші барлығының сақаларын жинап алып. Ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни, кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін, сақаларды иіреді.



Иірген кезде кімнің сақасы алшы түссе сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады. Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез – келген жағына жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екі түрлі түссе онда алмайды. Ол атуды тоқтатып кезекті келесі ойыншыға береді. Кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз сақасын иірген кезде тәйке түссе онда өзінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын алады, тигізсе, сақа иесі ойыннан шығып қалады тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады

Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.

Аталған істерді қорға келсек, ол өсіп келе жатқан ұрпақты жан – жақты дамыған отансүйгіш жандар тәрбиелеуге еселі үлесін қосатын ықпалды құрал.


«Алақан». *Бесінші тәсіл*: Бес тасты уысына алып, бірін жоғары қарай серпіп жібереді де, тасты алақанына қыса ұстап, шынашағымен еденді үш, не бес рет (ойыншылардың алдын ала келісімі бойынша) сипап өтіп (жалап өтіп деп те айтады) лақтырған тасын қағып алады.

«Төрт бұрыш». *Алтыншы тәсіл*: Төрт тасты бұрышқа (төрт) орналастырып (мөлшерін алдын ала келіседі), бір тасты жоғары серпе тастайды да, төрт тасты жедел теріп алып, лақтырған тасын қайта қағып үлгереді.

«Алмастыру» *Жетінші тәсіл*: Бес тасты еденге шаша тастайды да, арасынан бір тасты алып, оны жоғары серпіп жібереді де, жердегі тастарды жиып алып, лақтырған тасын қайта қағып алады. Сонан соң оны сол қолына салады да, жоғары серпе лақтырып, жерге түсірмей, қайта қағып алады. «Үндемес»: Бірінші тәсілдегі қайталанады. Бірақ тастарды қағып алған кезде тастар бір-біріне тимеу керек. «Сарт-сұрт». рінші тәсіл қайталанады. Бірақ жерден іліп алған тасқа жоғарыдан қағып алған тас дәл тиюі керек.

«Қаршу». Бес тасты еденге шаша тастайды да, арасынан бір тасты алып, оны жоғары серпіп жібереді де, жердегі тастарды жиып алып, лақтырған тасын қайта қағып алады. Сонан соң оны сол қолына салады да, жоғары серпе лақтырып, жерге түсірмей, қайта қағып алады.

«Нәби». Сол қолының бас бармағы мен (сұқ қолын ортан қолының үстіне айқастыра ұстап) ортан қолын жерге тіреп тұрып, оң қолымен сол қолының астына әкеліп сыртынан асыра бес тасты алдыға қарай тастайды да, ішінен бір тасты «ата» деп белгілейді. Оны «Нәби» деп атайды. «Нәбиді» (атаны) белгілейтін отырған ойыншылар. Ол иілген қолдың астына өткізуге қиын бір тас болады. Не тас өткізетін жерге тақау, не ең алыс түскен тас болады. Ойыншы жерде жатқан «Нәбиден» басқа тастардың бірін алып, оны жоғары серпе тастап отырып, барлық тастарды біртіндеп иілген қолдардың астынан өткізеді де, ең соңында «Нәбиді» өткізеді. Жоғары лақтырып отырған тасын жерге түсірмеумен бірге «Нәби» сайлаған тасқа да басқа тастарды тигізуге болмайды.

Үйірме жетекшісі:  Сырмаханов Ш



2023-2024 оқу жылындағы «Ұлттық Асық» үйірмесінің жылдық есебі

Үйірмеге 7-11 сынып оқушыларынан 16 оқушы қатысады. Үйірме сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі күндері өтеді.

Асық ойыны мергендікке, ептілікке, дәлдікке баулыды. Қолдың моторикалық бұлшық еттерінің дамуына жақсы әсер етеді. Жүйке жүйесін тыныштандырып балалардың жақсы жетілуіне ықпалын тигізеді. Ұлттық салт дәстүрді оқушылардың бойына сіңіреді.

ҚР-да асықтың тарихына шолу.  
Анықтама. Оқушылар асықтың тарихын қызыға тыңдап өздерінің қызығушылықтарын танытты, асық ойынының шығу тарихын жақсы меңгерді.

«Асық ойынының балаға беретін тәрбиелік маңызы»  
Асықтың түрлері. Асық ойыныт аза бәсеке, таза тәрбие. Өтірігі, арамдығы, жалғандығы жок. Болмайды да. Ұлттық тәрбие. Ұлттық ойын. Спорт ойыны, спорттық бәсеке. Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа-тәрбиелейді. Оқушылар асықтың түрлерін, ойын кезінде олардың түсу түрлерін тез меңгерді. Мысалға алшы түсуін, бүк, шік түсу түрлерін тез меңгеріп алды.

Асық дайындығы, спорттық ұлттық ойынды дамыту.  
Асықтың атаулары. Қазіргі кезде қолға алынып жатқан ұлттық ойындарды дамыту барысында асық ойындарында қолға алып жатыр. Республикада асық ату түрлерінен көптеген жарыстар болып жатқаны оған дәлел. Асық ойыны кезінде оқушылар мергендікке шапшаңдыққа

Асық ойыны барысында қолданылатын құралдармен әдістер.  
Ойынның бірінші түсінігі. Асық ойыны қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Ұсақ малдың (қой, ешкі) асықты жілігінен алынған жұмыр сүйек - асықтай ойналады. Иіргенде түскен алпына қарай асық - алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арналған арнайы корғасын құйылып жасалғаны- сақа, оң қолмен атуға ыңғайлысы - оңқы асық аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т.б. Оқушылар асық ойыны кезінде қандай құрал жабдықтар керек екенін тез меңгеріп алды, жақсы түсінік қалыптасты.

Асықпен танысу, оқушылар асықтың қой асығы, ешкі асығы, оң қолмен, сол қолмен атуға келетін сақа таңдауға машықтанып үйренді.

Иіру жаттығуы. Өз сақасын таңдау, әр оқушы өздеріне ыңғайлы сақа дайындап алғаннан кейін оны иіріп жаттығады, иірген кезде асықтың түсу қалпын ажыратып айтады. Оқушылар тақырыпты, асықтың түсуін, иіруді жақсы меңгерді. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – *алшы, тәйке, бүк, шік* деп аталады

Асықты ату жаттығулары. Әркім өз сақасымен асықты басында бір метр жерден шиіре атып асыққа тигізіп машықтанды, бастапқы кезде шиіре ату көп қиындық туғызғанымен оқушылар шиіре атуды меңгерді. Одан кейін қашықтықты біртіндеп созып отырдық. Қазіргі кезде 2,5 - 3 метрден тигізу нәтижелері жақсарды.

Жалпы ережелері. Кемі екі баладан бастап қанша бала ойнасаң да болады. Үлкен мен кіші бір-біріне қамқор болып келісіп ойнасаң да, құрдас пен -құрдас бір-біріне бәсекелесіп